

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ**

**ТӨРТІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА  
ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИСІНЕ  
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**АЛМАТЫ Қ.  
2015 ж.**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2014 жылғы 26 желтоқсанда тіркелген облигациялық бағдарлама шығару проспектісіне (2015 жылғы 11 ақпанда енгізілген өзгерістерімен қоса алғанда) (шығарылым Мемлекеттік бағалы қағаздар тізіліміне №Е85 нөмірмен енгізілген) (одан әрі - Проспект) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Проспектінің 14-тармағындағы кесте келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

1) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Кусаинбеков Куат Кайроллаевич</b></p> <p>1966 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2009 жылғы 18 мамырдан 2012 жылғы 29 тамыз бойынша</b> - «Нурбанк» АҚ Басқарушы директоры;</li> <li>▪ <b>2012 жылғы 03 қыркүйектен 2015 жылғы 01 ақпан бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас АТ-директоры;</li> <li>▪ <b>2015 жылғы 02 ақпаннан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындайды, оның ішінде:</li> <li>- банктік қызметті ақпараттандыру және техникалық қамтамасыз ету саласында саясатты анықтау;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да ақпараттық технологияларды дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету;</li> <li>- халықаралық, өнеркәсіптік және банктік стандарттарға сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның компьютерлік, бағдарламалық және телекоммуникациялық инфрақұрылымының дамуына бақылау;</li> <li>- заманауи банктік информациялық технологияларды енгізудің жылдық жоспарларының орындалуына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның негізгі және әкімшілік-шаруашылық қызметінің автоматтандырылуының қамтамасыз етілуіне бақылау;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бизнес-бөлімшелерінің өтінімдерінің негізінде жаңа карточкалық өнімдерді енгізу мен карточкалық жүйені сапалы қолдау;</li> <li>- бағдарламалық жасақтама мен компьютерлік жабдықтарды әзірлеушілермен, ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтердің провайдерлерімен, банктер мен қаржы институттарымен жеке байланыстар, жүйелі кездесулер, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басшылығымен кездесулер ұйымдастыру, презентациялар, семинарлар мен тренингтер арқылы серіктес қатынастарды дамыту;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на енгізу мақсатында әрекет ететін шетелдік және отандық ақпараттық технологиялардың жобалы шешімдер нарығын талдауды жүргізу;</li> <li>- саясаттарды, әдістемелерді, ережелер мен бөлімшелердің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа құжаттарды әзірлеуді үйлестіру;</li> <li>- қажет болған жағдайда, ақпараттық жүйелерді,</li> </ul>
--	--

	<p>компьютерлік, серверлік, телекоммуникациялық және телефон жабдықтары мен бағдарламалық жасақтаманы сатып алуға тендерлерді жүргізу үшін техникалық спецификацияларды дайындауға қатысу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ құжаттарын олар электрондық тасымалдаушыларда жүргізілген және сақталған жағдайда сақтауды қамтамасыз ету;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес компаниялармен ақпараттық технологиялар саласындағы қабылданған Стратегияны орындау бойынша бірлескен әрекеттерді үйлестіру;</li> <li>- ақпараттық технологиялар бойынша бюджетті әзірлеу мен жасауға қатысу;</li> <li>- Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік бойынша техникалық кеңестің отырыстарына тұрақты мүшесі ретінде белгіленген тәртіпте қатысу;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ақпараттық технологиялар саласындағы Стратегиясын әзірлеуге қатысу және оның орындалуын қамтамасыз ету;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жаңа ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық өнімдерді енгізу процестерін ұйымдастыру және қолдау;</li> <li>- Банктік жүйелерді дамыту департаментінің, Банктік жүйелерді қолдау департаментінің, АТ инфрақұрылымы департаментінің, Қашықтықты банктік қызмет көрсету департаментінің, SAP шешімдерін қолдау департаментінің, Карточкалық орталықтың қызметіне жетекшілік етеді, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің арасында әрекеттесуді қамтамасыз етеді және жүйелерді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ақпараттық жүйелерінің жалпы сәулетіне біріктіру және техникалық дамыту жағынан жұмысты үйлестіреді;</li> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</li> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін ақы мөлшерін белгілейді;</li> <li>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және олармен еңбек шарттарын бұзу мәселелері бойынша келісім</li> </ul> </li> </ul>
--	---

	<p>береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың тиісті функционалдық бағыттарына жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем және басқа құжаттарға қол қоюды іске асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul>
--	---

»;

2) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Салимов Ертай Исмаилович</b></p> <p>1974 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2010 жылғы 11 қазаннан 2012 жылғы 31 тамыз бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазынашылығының директоры;</li> <li>▪ <b>2012 жылғы 01 қыркүйектен 2013 жылғы 31 желтоқсан бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас операциялық Басқармасының бастығы;</li> <li>▪ <b>2013 жылғы 01 қаңтардан 2015 жылғы 01 ақпан бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас операциялық директор;</li> <li>▪ <b>2015 жылғы 02 ақпаннан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындайды, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>- клиенттерге есептік-кассалық қызмет көрсету сапасын көтереді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттерге операциялық-кассалық қызмет көрсету, ақша айналымы мен валюталық бақылауға қатысты бірыңғай әдістемелік саясатты жасайды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттері – заңды тұлғалар үшін есептік-кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді дамытады;</li> <li>- есептік-кассалық қызмет көрсету мен корпоративтік карталар өнімдерін дамытады және кірістерін өсіреді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ валюталық бақылау және клиенттерге қызмет көрсетудің операциялық-кассалық процесінің әрекеттегі технологиялық схемаларын оңтайландыру мен жаңаларын әзірлейді, оларды енгізеді;</li> <li>- клиенттердің шоттары мен ақша аударымдарын уақытылы және сапалы әкімшілендіреді;</li> <li>- халықаралық төлем жүйелеріндегі дауларды шешеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: Ақша аудару департаментінің, Шоттарды әкімшілендіру және кассалық жұмыс департаментінің, Транзакциялық қызмет көрсету департаментінің қызметіне жетекшілік етеді, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың</li> </ul> </li> </ul> </li> </ul>
---	---

	<p>орындалуын қадағалайды;</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін ақы мөлшерін белгілейді;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және олармен еңбек шарттарын бұзу мәселелері бойынша келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың тиісті функционалдық бағыттарына жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем және басқа құжаттарға қол қоюды іске асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul>
--	--

»;

2. Проспектінің 14-тармағындағы кестедегі келесі жолдар мынадай редакцияда берілсін:

1) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Альменов Марат Беркутбаевич</b></p> <p>1976 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2007 жылғы 01 қазаннан 2012 жылғы 17 қазан бойынша</b> - «Халық Банкі Грузия» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі;</li> <li>▪ <b>2010 жылғы 23 маусымнан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</li> <li>▪ <b>2012 жылғы 06 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша</b> - «Халық Банкі Қырғызстан» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалы шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындайды, оның ішінде:</li> <li>- бөлшек бизнес клиенттеріне сапалы деңгейде қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да бөлшек бизнесті дамытудың негізгі бағыттарын айқындауды жүзеге асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалдарының клиенттеріне – бөлшек бизнес өкілдеріне «Халық» тобының қаржылық қызметтерін кешенді түрде сату есебінен</li> </ul>
--	--

	<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ табыстылығын ұлғайтуға ықпал етеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бөлшек бизнес өнімдерін жылжытуға бақылау жасауды және үйлестіруді қадағалайды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сатылым арналары желісінің жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>- жеке тұлғалар үшін банктік қызметтер нарығындағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ үлесін ұлғайтуға ықпал етеді;</li> <li>- бөлшек бизнес үшін банктік өнімдердің /қызметтердің жаңа түрлерін жасауды және қолдағы бар банктік өнімдерді жетілдіруді қамтамасыз етеді;</li> <li>- агенттік өнімдер /қызметтер түрін жасауды қамтамасыз етеді;</li> <li>- жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар үшін жаңа карточкалық өнімдер /қызметтер түрін жасауды және енгізуді қамтамасыз етеді;</li> <li>- әр клиентке жеке көңіл бөліп, стандарттық банктік технологиялардың жиынтығына негізделген, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттерімен жұмыстың жаңа әдістерін енгізуді қамтамасыз етеді;</li> <li>- байланыс-орталығын, «Халық» тобының клиенттеріне ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетуді дамытуды қамтамасыз етеді;</li> <li>- мынадай құрылымдық бөлімшелердің: Бөлшек бизнес департаментінің, Бөлшек өнімдер мен агенттік қызметтер департаментінің, Байланыс-орталығы басқармасының және Байланыс-орталығының өңірлік басқармасына жетекшілік етеді, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</li> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін ақы мөлшерін анықтайды;</li> <li>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және еңбек шарттарын бұзуға келісім береді және т.б.;</li> </ul> </li> <li>- филиалдарда бөлшек бизнеске сатуды іске асыру бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем және өзге құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul>
--	---

2) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Карабаев Даурен Сапаралиевич</b></p> <p>1978 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"><li>▪ <b>2005 жылғы 15 сәуірден 2014 жылғы 09 қазан бойынша</b> - HSBK (Europe) B.V. басқарушы директоры;</li><li>▪ <b>2007 жылғы 01 наурыздан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</li><li>▪ <b>2007 жылғы 30 наурыздан 2014 жылғы 20 тамыз бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2008 жылғы 19 қарашадан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2009 жылғы 08 сәуірден қазіргі уақыт бойынша</b> - «Казакхинстрах» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2009 жылғы 05 мамырдан 2012 жылғы 17 қазан бойынша</b> - «Халық Банкі Грузия» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2009 жылғы 10 шілдеден 2012 жылғы 05 қыркүйек бойынша</b> - «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2008 жылғы 23 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша</b> - «НБК-Банк» ААҚ (Ресей Федерациясы) Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2011 жылғы 04 қарашадан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Халық-Life» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2011 жылғы 10 қарашадан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Халық Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2012 жылғы 31 мамырдан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Nalyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li><li>▪ <b>2012 жылғы 12 шілдеден қазіргі уақыт бойынша</b> - «Халық Жоба» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі</li></ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li><li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li><li>- аталған қызметке сәйкес қарастырылған өзге функционалдық міндеттерді жүзеге асырады, оның ішінде:<ul style="list-style-type: none"><li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздарын шығару және орналастыру арқылы капитал тартуды қамтамасыз етеді;</li><li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздарын ұстаушылармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен өзара қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді;</li><li>- қор нарығында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бірінші сыныпты қарызгер ретіндегі имиджін қалыптастыруға ықпал етеді;</li><li>- төлем агентінің қызметін көрсетуді қамтамасыз етеді;</li><li>- облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді;</li><li>- еншілес және қауымдас ұйымдар қызметіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді;</li><li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның басқа ұйымдар капиталына ұзақ мерзімдік инвестицияларын басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li></ul></li></ul>
---	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ақша ағынын, қысқа мерзімді өтімділікті, бағалы қағаздар портфелін басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сыртқы экономикалық қызмет саласындағы жұмыстың тиімділігін қамтамасыз етеді;</li> <li>- Қазынашылықтың кірісінің өсуін және дамуын қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на клиенттерді кастодиандық қызмет көрсетуге тартуға жағдай жасайды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ валюталық, пайыздық тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді;</li> <li>- сырттан қарыз алу бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>- инвесторлар базасын кеңейтуге және нығайтуға ықпал етеді;</li> <li>- шетелдік банктердің кредиттік желілер портфелін басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li> <li>- банкаралық ынтымақтастықтың кез келген түрі бойынша халықаралық қаржылық институттармен байланысты нығайтуға ықпалдастық жасайды;</li> <li>- олардың тиімділігін көтеру мақсатында бизнес-процестерді стандарттау және оңтайландыру бойынша жүргізілетін жұмыстарға бақылауды іске асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дамытудың бекітілген Стратегиясының орындалуына бақылау және үйлестіруді іске асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ҚХР-дағы өкілдігінің қызметін үйлестіреді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: Халықаралық қатынастар департаментінің, Топ капиталын басқару департаментінің, Қазынашылықтың, Бизнес процестерді оңтайландыру басқармасының, Стратегиялық трансформацияның жобалық кеңсесін, Банктің ҚХР-дағы өкілдігінің қызметіне жетекшілік етеді, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын бақылайды;</li> <li>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</li> <li>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қызмет нәтижесін бағалайды және олардың қызмет нәтижелеріне қарай, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен еңбекақы мөлшерін анықтайды;</li> <li>құрылымдық бөлімшелер ашуға, оларды қайта құрылымдауға және жоюға, штат құрамын белгілеуге қатысады;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және олармен</li> </ul> </li> </ul>
--	--



	<p>еңбек шарттарын бұзуға келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul>
--	---

»;

3) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Карпыкова Алия Сакеновна</b></p> <p>1970 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2011 жылғы 15 қазаннан қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалы шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындайды, оның ішінде:</li> <li>- мынадай жұмыстарды бақылайды және үйлестіреді: <ul style="list-style-type: none"> <li>талдау жасау және бюджеттеу жүйесін құру бойынша;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік өнімдерінің, бөлімшелерінің және бизнес-бағыттарының тиімділігін және пайдалылығын бағалау бойынша;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына негізделген бухгалтерлік есеп пен есептеменің бірыңғай әдістемесін қамтамасыз ету, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметі туралы қаржылық және ішкі есептеме жасау, оны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басшылығына, аудитке және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына тапсыру бойынша;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның әкімшілік-шаруашылық қызметінің есебін жүргізу бойынша;</li> <li>салықтық есеп;</li> <li>банктік операцияларды әкімшілендіру;</li> <li>банктік операцияларды есепке алу;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас банкінде және филиалдарында қаржылық бақылауды (кейінгі) ұйымдастыру бойынша;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ кепілді мүлікпен жұмысты іске асыру;</li> <li>құжаттармен жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіруді, құжат айналымының бірыңғай тәртібін, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан түскен құжаттарды, Директорлар кеңесі мен Басқарманың шешімдерін, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басшылығының бұйрықтары мен өкімдерінің уақытылы орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес бас бухгалтер мен мынадай құрылымдық бөлімшелердің: Бухгалтерлік есеп және есептеме департаментінің, ӘШҚ есебін жүргізу департаментінің, Банктік операцияларды</li> </ul> </li> </ul>
---	--

	<p>әкімшілендіру департаментінің, Банктік операцияларды есепке алу департаментінің, Салықтық есеп департаментінің, Контроллинг және бюджеттеу департаментінің, Кепіл мүлкімен жұмыс істеу департаментінің, Қаржылық бақылау басқармасының, Кеңсенің қызметіне жетекшілік етеді, оның ішінде мыналарды жүзеге асырады:</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін ақы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және еңбек шарттарын бұзуға келісім береді»;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдарда қаржылық бақылауды іске асыру бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдар жұмысына қатысады.</li> </ul>
--	---

»;

4) «

<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Смагулов Аскар Сагидоллаевич</b></p> <p>1975 жылы туған</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2014 жылғы 28 қарашадан қазіргі уақыт бойынша</b> – «Altyn Bank» АҚ Басқарма Төрағасы («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ);</li> <li>▪ <b>2007 жылғы 01 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</li> <li>▪ <b>2009 жылғы 25 желтоқсаннан 2012 жылғы 30 мамыр бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкінің «Nalyk Finance» еншілес ұйымы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы;</li> <li>▪ <b>2010 жылғы 23 ақпаннан қазіргі уақыт бойынша</b> – «Казтелепорт» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалы шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дамыту Стратегиясын әзірлейді және оны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің талқылауына шығарады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бизнес-жоспарын, күрделі қаржы жұмсалымының жоспарын және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның белгілі кезеңге бюджетін бекітеді;</li> </ul>
---	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бекітілуі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді;</li> <li>- Басқарма мүшелерінің арасында міндеттер мен өкілеттіктер және жауапкершілікті бөледі;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ құрылымы мен штаттарын бекітеді;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысымен анықталған тәртіпте қаржылық есепті (бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы есеп пен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес басқа есеп) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына береді;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындайды (сайлайды);</li> <li>- олардан жоғары заемдар (кепілдіктер, кепілгерліктер) беру туралы шешімдерді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы бекітетін, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның үшінші тұлғаларға беретін заемдардың (кепілдіктердің, кепілгерліктердің) мөлшерін анықтайды (лимиттерін белгілейді);</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметіне жататын ең маңызды мәселелерді қарастыру үшін жұмыс органдарын немесе комитеттерін құрады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коллективті шарттар бекітеді;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады.</li> </ul>
--	---

».

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

**У. Шаяхметова**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Бас бухгалтері**

**П. Чеусов**



**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА  
ЧЕТВЕРТОЙ ОБЛИГАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ**

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«НАРОДНЫЙ СБЕРЕГАТЕЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»**

**АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»**

**Г.АЛМАТЫ  
2015 г.**

В Проспект выпуска облигационной программы АО «Народный Банк Казахстана», зарегистрированного 26 декабря 2014 года (с внесенными изменениями от 11 февраля 2015 года) (выпуск внесен в Государственный реестр ценных бумаг под №Е85) (далее - Проспект) внести следующие изменения и дополнения:

1. Таблицу пункта 14 Проспекта дополнить строками следующего содержания:

1) «

